

**№ 6 орта мектебінің 4 «Ә» сыныбында  
«Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін» іске асырудағы  
2020-2021 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары**

Сынып жетекшісі: Изимбергенова Н.К.

2020-2021 оқу жылы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген **Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері** және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған **«Сынып жетекшісі» жұмысының әдістемесі** басшылыққа алынды.

## **Сынып жетекшісінің циклограммасы**

### **Күнделікті атқаратын қызметі:**

1. Сабаққа кешігіп келген оқушылармен жұмыс жүргізу және оқушылардың сабаққа келмеу себебін анықтау;
2. Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру;
3. Оқушылармен жеке жұмыс.

### **Апта сайын:**

1. Оқушылардың күнделіктерін тексеру;
2. Жоспар бойынша сыныппен іс-шаралар өткізу;
3. Ата-аналармен жұмыс;
4. Пән мұғалімдерімен жұмыс;
5. Оқушылардың ауырып қалуына байланысты алған анықтамасы бойынша мектеп дәрігерімен кездесу;
6. Экологиялық патруль жұмысын ұйымдастыру.

### **Ай сайын:**

1. Оқушылардың қозғалысы бойынша есеп беру;
2. Сабақ үлгерімінің қорытындысы бойынша есеп беру;
3. Тоқсан бойынша тәрбие жұмысын қорытындылау, жаңа тоқсанға жоспарды толықтыру, өзгерістер енгізу;
4. Ата-аналар жиналысын өткізу;
5. Оқушылардың жеке құжаттарын толтыру;
6. Сынып жұмысының жоспарын жасау және талдау;
7. Тоқсан бойынша сынып журналын толтыру;
8. Сынып жетекшілерінің оқуына (семинарына) қатысу.

### **Тоқсан сайын:**

1. Өз сыныбында сабақтарға қатысу;
2. Мектеп психологымен кездесу;
3. Ата-аналар комитетімен кездесу;
4. Жұмысты жоспарлауға байланысты мәжіліске қатысу;
5. Сыныптың пән бойынша үлгерімінің диагностикалық картасын толтыру.

### **Жартыжылдық сайын:**

1. Атқарылған жұмыс бойынша есеп беру.

## Сынып сағатын ұйымдастыру мен өткізу әдістемесі

Мектептерде сынып ұжымының жұмысы үшін аптаның бір күнінде және түрлі формада сынып сағаты өткізіледі.

Сынып сағатын ұйымдастыру әдістемесі оның мазмұнын анықтауды болжайды, ол балалардың мақсаттары мен міндеттеріне, жас ерекшеліктеріне, олардың тәжірибесіне байланысты. Сынып жетекшісі білім алушылардың тәрбиелік деңгейін, олардың адамгершілік түсініктерін, көзқарастарын, қызығушылықтарын, тілектерін, пайымдауларын (сауалнама, әңгіменің көмегімен) зерделегеннен кейін, ұжымдағы тәрбие және қарым-қатынас проблемасын айқындаған соң ғана сынып сағаттарының тақырыптары мен мазмұнын анықтайды.

Сынып сағаттарын дайындауда және өткізуде түрлі тәсілдер қолданылады:

- әңгімелер, газет және журнал материалдарын оқу, соңынан талқылау, мезгілдік басылымдарға шолу жасау;
- шақырылған мамандар өткізген дәрістер;
- сауалнама және оның нәтижесін талдау;
- дөңгелек үстел басындағы сұхбат, нақты жағдайды талқылау;
- өнер туындыларымен танысу, оқушылардың көркем-шығармашылық қызметінің элементтері (сынып сағаты барысында ән айтып, билеген, сурет салған кезде);
- танымал тұлғалар айтқан ойларды одан әрі талқылау үшін сілтеме жасау;
- «ми шабуыл» («ой-талқы»), шығармашылық топтардағы жұмыс.

Балалар үшін ұжымдық шығармашылық қызмет тәсілдері мен әдістердің элементтері анағұрлым тиімді және қызық екенін практика көрсетіп отыр.

Балалардың алдында шақырылған қонақтар немесе ата-аналар өнер көрсеткен сынып сағаттарын ерекше атауға болады. Танымал адамдармен болған кездесулер тәрбиеде маңызды рөл атқарады, дегенмен олар балалардың қызығушылығы қанағаттандырылғанда және тәрбиешінің педагогикалық ойлары жүзеге асқанда ғана табысты болмақ.

## Сынып жетекшісі жұмысының басым бағыттары

**Сынып жетекшісі** – мектептегі оқу-тәрбие жұмысын тікелей және негізгі ұйымдастырушы, сыныптағы тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін директор тағайындаған ресми тұлға.

Қазіргі кезде сынып жетекшісі институты айтарлықтай өзгерді; сынып жетекшісінің бірнеше түрі бар:

- пән мұғалімі – бір мезгілде сынып жетекшісі қызметін атқарады;
- босатылған сынып жетекшісі – тек тәрбие жұмысын атқарады;
- сынып кураторы (қамқоршы) – қандай да бір жұмысты бақылау тапсырылады;
- тьютор (қорғаншы, сүйеуші, қамқоршы) – педагогтың бірқатар ұйымдастырушы қызметін оқушылар өз міндетіне алған жағдайда бақылау ұйымдастырады.

**Сынып жетекшісінің негізгі қызметтері:** тәрбиелеу (баланы әлеуметтік қорғау); ұйымдастыру (сынып және мектептің тіршілік әрекетінің барлық педагогикалық аспектілері бойынша жұмыс, тұлғаны және ұжымды қалыптастыру, оқушыларды зерделеу); үйлестіру (тәрбие процесіне қатысушылар – педагогтер, оқушылар, ата-аналар, жұртшылық арасында дұрыс қарым-қатынас орнату); басқару (оқушылардың жеке ісін және құжаттамалардың басқа түрін жүргізу негізінде тұлға мен ұжым дамуының өзгерісін бақылау).

**2020/2021 оқу жылында 4 «Ә» сынып оқушыларымен жүргізілетін  
жылдық жұмыс жоспары**

<b>I. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие</b>			
<b>Мақсаты:</b> Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.			
<b>Р/с</b>	<b>Іс-шаралар</b>	<b>әдісі</b>	<b>уақыты</b>
1.	Конституция біздің болашағымыз <b>ЖЖЕ</b>	Сынып сағаты	01.09.20
2.	Президент күні	Әңгімелеу, видеоролик	30.11.20
3.	«Жаса, жайна, Тәуелсіз елім- Қазақстаным!»	Әңгіме, видеоролик	14.12.20
4.	«Ерлікке тағзым!»	Түсіндіру, кездесу	10.05.21
5.	Абай оқулары	Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу	01.02.21

## II. Рухани-адамгершілік тәрбие

**Мақсаты:** Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Р/с	Іс-шаралар	әдісі	уақыты
1.	Қарттарым-асыл қазынам	әңгімелеу	02.11.20
2.	Ұстаз-дана, бас иетін бар ғалам!	Сынып сағаты	05.10.20
3.	Сыйлыққа - кітап	Мектеп кітапханасына қайтарымсыз кітап сыйлау	25.01.21
4.	Амал келді, жыл келді!	Түсіндіру көрініс	15.03.21
5.			

### III. Ұлттық тәрбие

**Мақсаты:** Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Р/с	Іс-шаралар	әдісі	уақыты
1.	Тіл-тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз.	Түсіндіру мәнерлеп оқу	07.12.20
2.	Салт-дәстүрді білесің бе?	Түсіндіру, әңгімелеу	17.05.21
3.	Ырым-тыйымдар <b>ЖЖЕ</b>	Түсіндіру, әңгімелеу	19.04.21
4.			
5.			



#### IV. Отбасы тәрбиесі

**Мақсаты:** Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Р/с	Іс-шаралар	әдісі	уақыты
1.	Отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер	онлайн әңгіме	07.09.20
2.	Қашықтан оқыту бойынша ата-аналарға арналған жадынамамен танысу	онлайн жиналыс	21.09.20
3.	Ана –өмірдің гүлі	ертеңгілік	01.03.21
4.	Біздің отбасылық бюджетіміз	ойын-жаттығулар	08.02.21
5.	Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ <b>ЖЖЕ</b>	Сынып сағаты	22.02.21

## V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

**Мақсаты:** Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

<b>Р/с</b>	<b>Іс-шаралар</b>	<b>әдісі</b>	<b>уақыты</b>
1.	Мамандықтың бәрі жақсы	Мамандық таңдау диспут	18.01.21
2.	Экономика біздің айналамызда	экономикалық ойындар	11.01.21
3.	Өрт -тілсіз жау <b>ЖЖЕ</b>	Түсіндіру, әңгімелеу	21.12.20
4.	От- досымыз, от –жауымыз <b>ЖЖЕ</b>	әңгімелеу	12.04.21
5.	Құстарға қамқорлық	Сынып сағаты	05.04.21

## VI. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

**Мақсаты:** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Р/с	Іс-шаралар	әдісі	уақыты
1.	Қашықтықтан оқу бойынша оқушыларға арналған жадынамамен танысу	онлайн әңгіме	28.09.20
2.	Ок.едус платформасы арқылы тапсырманы қалай жүктейді?	онлайн түсіндіру, үйрету	14.09.20
3.	inShot платформасымен қалай бейнероликтер жасайды?	онлайн үйрету	26.10.20
4.	Соңғы қоңырау	Мерекелік концерт	24.05.21
5.			

## **VII. Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, еңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

<b>Р/с</b>	<b>Іс-шаралар</b>	<b>әдісі</b>	<b>уақыты</b>
1.	Жаңа жыл мерекесі	ертеңгілік	28.12.20
2.	1 мамыр – бірлік күні	әңгімелеу	26.04.21
3.	«Бояулар құпиясы» атты байқау	Жас суретшілер байқауы	15.02.21
4.			
5.			

### **VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

<b>Р/с</b>	<b>Іс-шаралар</b>	<b>әдісі</b>	<b>уақыты</b>
1.	Ковид-қауіпті дерт <b>ЖЖЕ</b>	онлайн әңгіме	14.09.20
2.	Вирустан сақтану жолдары	онлайн әңгіме	19.10.20
3.	Тұмауға қарсы иммунитетті қалай көтеруге болады?	сынып сағаты	16.11.20
4.	Менің дене шынықтыру сабағымнан көрініс	бейнероликтер жасау	12.10.20
5.			

## Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысы жоспары

<b>I. Денсаулық</b>			
<b>Мақсаты:</b> Оқушының физикалық және психикалық денсаулығын қорғау, сақтау және дамыту және түзету.			
P/c	Іс-шаралар	әдісі	уақыты
1.	Спорт –денсаулық кепілі	Эстафета сайыс	26.04.21
2.	Вирустан сақ болайық!	Сынып сағаты медбикемен кездесу	12.12.20

<b>II. Қарым-қатынас</b>			
<b>Мақсаты:</b> Бала тұлғасын дамыту, адамдармен, ортамен қарым-қатынаста этикалық тәрбие беру.			
P/c	Іс-шаралар	әдісі	уақыты
1.	«1 наурыз. Алғыс айту – азаматтардың бір біріне құрмет білдіретін күні» атты іс-шара	Алғыс айту күніне орай іс-шаралар	30.02.21
2.	«Оқы, тап!» «Оқымысты мектеп»	байқау	17.05.21

<b>III. Адамгершілік</b>			
<b>Мақсаты:</b> Оқушыны өзін-өзі жетілдіруге, адамгершілік қасиеттерін дамытуға тәрбиелеу.			
P/c	Іс-шаралар	әдісі	уақыты
1.	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	әңгімелеу	15.03.21
2.	«Қызым-қызғалдағым, ұлым-ізгі арманым» атты әдеп сабақтары	Әдеп сабақтары	26.01.21

#### IV. Оқу

**Мақсаты:** Оқушының оқу мүмкіндігін, танымдық қызығушылығын қабілеттерін дамыту.

Р/с	Іс-шаралар	әдісі	уақыты
1.	Ок.едус платформасы арқылы тапсырманы қалай жүктейді?	онлайн түсіндіру, үйрету	12.09.20
2.	Қашықтықтан оқу бойынша оқушыларға арналған жадынамамен танысу	онлайн әңгіме	18.09.20

#### V. Бос уақыт

**Мақсаты:** Оқушының демалысын сапалы ұйымдастыру, өзгенің жетістіктерін бағалауға үйрету.

Р/с	Іс-шаралар	әдісі	уақыты
1.	Мұражайға саяхат	саяхат	13.11.20
2.	Табиғатқа серуен	серуендеу	06.11.20
3.			
4.			

#### VI. Отбасы

**Мақсаты:** Отбасылардың материалдық және мәдени деңгейлеріне сәйкес ынтымақтастық жұмысын ұйымдастыру.

Р/с	Іс-шаралар	әдісі	уақыты
1.	Қашықтан оқыту бойынша ата-аналарға арналған жадынамамен танысу	онлайн жиналыс	17.09.20
2.	Біз бақытты баламыз		04.04.20